

**Екібастұз қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2019 жылға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2019 жылғы 6 тамыздағы № 788/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 тамызда № 6502 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 8) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы " Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ұйымдастыру-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, Екібастұз қаласының ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*Н. Ашимбетов*

Екібастұз қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы "6" тамыздағы  
№ 788/8 қаулысына  
қосымша

**Екібастұз қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2019 жылға жұмыс орындарының квотасы**

--	--	--	--	--

Р/с №	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санының %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Богатырь Көмір" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	6577	1%	66
2	"Проммашкомплект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	737	1%	7
3	"Екібастұз ГРЭС - 2 станциясы" Акционерлік қоғамы	1488	1%	15
4	"Булат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1405	1%	14
5	"Промсервис-Отан" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	658	1%	7
6	"Астана ҚАЛА ҚҰРЫЛЫС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	354	1%	4
7	"Энергоуправление" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	237	1%	2
8	"Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі " Горводоканал" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	818	1%	8
9	"Екібастұз қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі "Атамұра" мәдениет орталығы	117		1

	коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны		1%	
10	"БЕРЕКЕ 2004" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	265	1%	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК